

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития».** - 2018. - Т.1,Ч.4. - Б.106-109

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ ТӘЖІРИБЕЛІК БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байжанова З.Т.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалайық!» атты Қазақстан халқына Жолдауында және «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» ТжәнеКБ ұйымдарында оқыту мәртебесін көтеру мақсатында техникалық және кәсіптік білім берудің құрылымы мен мазмұнын айтарлықтай жаңарту қарастырылды.

Қазіргі өндіріс техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілерінің іс-әрекеті, өзінің зияткерлік қабілетін жүзеге асыру, шығармашылық әлеуетін белсендіру қабілеті, өз кәсіби қызметінің аясын кеңейту, жаңа білім мен іс-әрекет түрлерінің ірілендіре білуі, қазіргі талаптарға сай тұлғалық қасиеттерді дамыта білуі алдыңғы орынға қойылатын көрсеткіштер болып табылады.

Себебі, қазіргі кезеңде оқытудың мақсаттарын, міндеттерін, мазмұны мен әдістерін іріктеу жолдарын, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде тәжірибелік-бағдарлы оқытуды жүзеге асырудың педагогикалық жағдайларын анықтау, белгілі бір кәсіби қызметте теориялық білімдерін қолдану біліктілігін дамыту қажеттілігі маңызды міндеттер қатарына көтеріліп отыр.

Дегенмен, кәсіптік білім беруде тәжірибелік-бағдарлы оқыту мәселесі аз зерттелген мәселелер қатарына жатады. Қазіргі уақытта жүргізіліп отырған жүйелі ғылыми талдау мен мамандарды дайындаудағы өзгерістер мен талаптар білім беру жүйелерінде тәжірибелік бағдарлы оқытуда белсенді әдістерді енгізуде шешілмеген проблемалар бар екенін көрсетіп отыр. Осыған байланысты техникалық және кәсіптік білім беру сапасын бүгінгі талаптарға сай арттыруға бағытталған тәжірибелік-бағдарлы оқытуда белсенді оқыту әдістерін қолдану ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі бар.

Кәсіптік білім беруді қазіргі заман талаптарына сай модернизациялау барысында өндірістің өзбетінше, творчестволық, бастамашылдық кәсіпкерлік, пайда түсіруге қабілетті, жаңа идеялар ұсынып, өңдей білуге, экономикалық жағынан пайдалы жобаларды жүзеге асыра алатын және дәстүрлі емес шешімдерді таба білетін мамандарға деген қажеттілікті ескере отырып жүргізу қажет.

Қоғамдағы өзгерістерге сай өндірістегі аталып отырған қажеттілікті қанағаттандырудың және болашақ мамандарды әлеуметтік-экономикалық

түрлендірулерге қатыстырудың әдіснамалық аспектісі білім алушылардың кәсіби қалыптасуын ұйымдастыру болып табылады. Бұл міндеттерді шешу кәсіптік білім беруді тәжірибелік-бағдарлы оқыту негізінде жүзеге асырыла алады.

Мемлекеттік тұрғыдан алғанда да бұл бағыттағы оқытуды ұйымдастыру кәсіптік білім беру жүйесінің қолданбалы, тәжірибелік сипатын күшейту, оның экономиканың, ғылымның, қоғамдық өмірдің талаптарына үйлесімділігін де қамтамасыз ете алады.

Бірақ дәл осындай қажеттілігі болып тұрса да, заманауи кәсіптік білім берудегі тәжірибелік-бағдарлы оқытудың мүмкіндіктерін анықтау бойынша әлі де болса теориялық және әдістемелік зерттеулер қажеттілігі бар екенін көруге болады. Бұл мәселе педагогикалық жағынан да жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Сондықтан кәсіптік білім беру мекемелерінде тәжірибелік-бағдарлы білім беру ортасын құру, оның болашақ маман тұлғасы қалыптасуына, тұлға ретінде өзін жетілдіруіне әсерін анықтау маңызды педагогикалық проблемалар қатарына жатады.

Оқытуды тәжірибелік-бағдарлық тұрғыдан ұйымдастырудың мәнін айқындайтын болсақ, бір бірінен айырмашылығы бар үш түрлі тұрғыдан қарастыруға болады. Бұл айырмашылықтар білім беру құраушыларын қамту дәрежесімен, тәжірибелік-бағдарлы оқыту жүйесінде қалыптасатын білім алушылар мен оқытушылардың атқаратын қызметтерімен анықталады.

Тар мағыналық тұрғыдағы тәжірибелік-бағдарлық оқыту білім алушыларды оқу, өндірістік және практикалық жұмыстарда кәсіби ортаға тереңдете ендірумен сипатталады. Бұл бағыт Ю. Ветров, Н. Клушин зерттеулерінде баса қарастырылған.

Сол сияқты Т. Дмитриенко, П. Образцов еңбектерінде тәжірибелік-бағдарлы оқытудың екінші тұрғысы бейімдік және бейімдік емес пәндерді оқыту кәсіби бағытталған контекстік оқып үйрену мүмкіндіктеріне сай кәсіптік бағдарлы оқыту технологияларын, әдістемелерін болашақ мамандық бойынша кәсіптік іс-әрекетін модельдей отырып қолдануды зерттеумен байланысты қарастырылды.

Демек, тәжірибелік-бағдарлық білім беруді ұйымдастыру үшін іс-әрекеттік-құзіреттілік тұрғыдан жаңаша ұйымдастыру қажеттілігі бар.

Дәстүрлі білім берудегі білім, білік, дағдыларға бағытталудан, тәжірибелік бағдарлы білім беруде білім, білік, дағдылардан басқа-практикалық іс-әрекет тәжірибесін меңгеруге бағытталған.

Дәстүрлі білім беруде жүзеге асырылады: «білім –білік-дағды» тізбегі болатын болса, тәжірибелік-бағдарлы білім беруде «білім – білік – дағды – іс-әрекет тәжірибесі» деп толықтыру жүргізуге болады екен.

Қазіргі кезде жұмыс берушілер кәсіптік қалыптасуына байланысты тікелей кәсіптік іс-әрекетке қатысты практикалық міндеттерді шеше білу қабілеттілігі де қалыптасуын талап етеді. Яғни білім алушылардың болашақ мамандықтарына қатысты кәсіби іс-әрекетке қабілеттілігін дамытатын практикалық тапсырмаларды орындай білмеуіне қатысты, кәсіби біліктілігі

төмен мамандар ретінде қабылдайды. Олардың бәсеке қабілеттілігі төмендігі байқалады.

Бұл байқалған кемшіліктерді жеңу үшін кәсіптік білім беру принциптерін, әдістерін және кәсіптік білім беру мазмұнын қалыптастыру мазмұнын қайта қарауды қажет етеді.

Тәжірибелік-бағдарлық оқыту принциптері ретінде диалогизмді және тәжірибелік-бағдарлылықты бөліп көрсетуге болады. Бұл принциптердің жүзеге асырылуы болашақ мамандарда диалогтық қарым-қатынас дағдыларын, әріптестері пікірі мен көзқарастарына толеранттылықпен қарауды, жалпы жағдайлардан проблеманы көре білуді, оны шешудің тиімді жолдарын көре білуді, нәтижелерді болжамдай және талдай білуді қалыптастырады. Және бұлар маманның кәсіби біліктілігі критерийлері қатарына жатады.

Бұл принциптерді жүзеге асыру негізіне салынатын қағидалар мыналар:

-бірте-бірте күрделене түсетін нақты кәсіби міндеттерді шешу;

-мамандардың кәсіби іс-әрекетін жеке, кіші топтар және үлкен ұжымда атқарту;

-ғылым мен практиканың түрлі саласына қатысты білімдер мен әдістерді интеграциялау.

Біз сол сияқты тәжірибелік-бағдарлық оқытуда ескерілуі тиіс принциптер қатарында келесі принциптерді де жүзеге асыру тиімді деп есептейміз:

- тәжірибелік-бағдарлық мақсат қоя білу принципі;

-жекелеген білім траекториясын таңдау принципі;

-оқыту продуктивтілігі принципі;

-білім алушының білімдік продукциясының біріншілігі принципі;

-оқытудың ситуативтілігі принципі;

-білімдік рефлексия принципі.

Ал бұл принциптерді жүзеге асыруда келесі шарттар орындалуы тиіс:

-оқу процесін мотивациялық қамтамасыз ету;

-оқытуды практикамен байланыстыру;

-оқытудағы білім алушылардың саналылығы мен белсенділігі.

Тәжірибелік-бағдарлық оқытуда білім алушылардың ішкі мотивациясы дамиды, себебі, талқыланған проблеманы шешу тәсілін таңдап алу мүмкіндігі болады, олар өзінің біліктілігін сезінеді, өзінің дербестігін басынан кешіре алады.

Кәсіптік білім беруде тәжірибелік –бағдарлық білім беру бірқатар критерийлер мен оның мазмұнын анықтайтын бағыттарға сүйене отырып жүргізуге болады. (Келесі кестені қараңыз.)

Кесте1-тәжірибелік-бағдарлық білім беру критерийлері мен бағыттары

Критерийлер	Тәжірибелік-бағдарлық білім беру бағыттары
1. Оқу процесінде, оның ішінде білім	Іс-әрекеттік-біліктік

беру мазмұнын анықтаудағы негізгі тұрғы	
2.Оқыту процесіндегі негізгі тұлғалық қасиеттер	Практикалық біліктер мен дағдылар
3.Оқу сабақтарының негізгі формалары мен әдістемелік тәсілдері	Практикумдар, тренингтер, шеберлік-сыныптары, жобалау технологиялары, оқу-шығармашылық формалары
4.Оқу процесін қамтамасыз ететін педагогтар	Тәжірибелі мамандар, творчестволық қызметкерлер т.с.с.
5.Оқу процесінде дамитын негізгі ойлау операциялары	Творчестволық іс-әрекет синтезі
6.Меңгерілетін білімдердің негізгі сипаты	Творчестволық технология
7.Аралық аттестациялаудың негізгі формалары	Дифференцияланған сынақ
8.Қорытынды аттестациялау формалары	Презентациялау

Көріп отырғанымыздай, тәжірибелік-бағдарлық оқыту білім беру жүйесін еңбек нарығы қажеттіліктерімен байланыстыра отырып, жұмыс берушілер мен білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыра алады. Сондықтан қазіргі кезде кәсіптік білім беруді технологиялық негізде оқыту ерекшеліктерін зерттеу білім беру жүйесі сапасын арттыратын өзгерістерге алып келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Канаева Т.А., Профессиональное становление студентов СПО в контексте практико-ориентированных технологий, Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал), №12(20), 2012, www.sisp.nkras.ru

2. Солянкина Л.Е. Модель развития профессиональной компетентности в практико-ориентированной образовательной среде / Л.Е. Солянкина // Известия ВГПУ. – 2011. – № 1 (0,6 п.л.).

3. Ginestie Jacques. The Industrial Project Method in French Industry and in French schools. // International Journal of Technology and Design Education 1299-1222, 2002. Kluwer Academic Publishers Printed in the Netherlands.

4. Абдыкаримов Б.А. Профтехшкола и рынок. Алматы, 1995, 402 с.